



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2019 жылғы 25 желтоқсанда
жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Отан тарихында туған жерді жанқиярлықпен қорғаудың жарқын мысалдары жеткілікті. Олардың арасында жаһандық ауқымда орасан мәнді оқиғалар да бар. Бұл орайда біз әлемге әйгілі әмірші Кир пен массагеттер әскерінің арасындағы алапат шайқасты алдымен атаймыз. Ол оқиға дүние жүзілік тарихқа кірген, көптеген көркем шығармаларға, сахналық туындыларға арқау болған. Болат Жандарбековтің «Томирис» хикаясы кеңінен танымал. Жақында «Қазақфильм» студиясы «Томирис» атты фильм де түсірді.

Біздің айтпағымыз – сол оқиғаның ел тарихындағы орны, оның ұлттық сана-сезімімізді қалыптастыруға, отаншылдық тәрбиесіне қоса алар үлесі.

Біздің дәуірімізге дейінгі 530 жылы өткен бұл шайқастың жай-жапсарын тарих атасы атанған Геродоттың өзі жазып қалдырған. Геродот былай дейді: «Ақыры массагеттер жеңеді. Барлық дерлік парсы әскері соғыс даласында қырылды, Кирдің өзі де өлді. Ол толық 29 жыл патшалық құрған. Ал Томирис шарап құятын тері ыдысын адам қанына толтырып, қырылғандардың арасынан Кирдің денесін тауып келуге бұйрық береді. Кирдің өлі денесін тапқанда, оның басын ыдысқа тығуды бұйырады. Содан кейін өлікті қорлап, мынаны айтады: «Мен сені шайқаста жеңіп, аман қалғаныммен, сен мені жеңдің, себебі айламен баламды құрттың. Сондықтан мен, айтқанымдай, сені қанға тойдырамын». (Геродот. Тарих. Бірінші кітап. 214-ші бөлім). Бұл сәт ұлы

суретші Рубенстің «Патшайым Томирис Кирдің кесілген басының алдында» атты картинасында бейнеленген.

Біз бұл шайқасты әлем тарихын өзгерткен оқиғалар қатарына қоса аламыз. Неге? Себебі оған дейін Алдыңғы Азияны, Кіші Азияны, Мидияны, Лидия патшалығын, Вавилонияны, Месопотамияны, Сирияны, Палестинаны және Финикияны жаулап үлгерген Кир (дұрысы – Куруш) осы жорықтан кейін Египетті басып алу соғысын бастамақшы еді, одан кейін Еуропа елдерін бірінен соң бірін басып алмақшы еді. Кирдің бұл жорыққа шыққандағы мақсаты сақ даласындағы аңызға айналған мол алтынға қол жеткізу болатын. Страбонның сақтар туралы «Оларда күміс жоқ, темір аз, бірақ қола мен алтын көп» деп жазғаны белгілі. Егер Кир массагеттермен шайқаста ажал құшпағанда әлемнің сол замандағы саяси картасы басқаша қалыптасуы, көптеген халықтардың қанқұйлы қолбасшының құлдығына түсуі әбден мүмкін еді. Арғы ата-бабаларымыздың елдің азаттығы жолындағы осы ұлы ерлігі тарихымызда тиянақты таңбаланып, мектеп оқулықтарына кеңінен енгізілуге, маман зерттеушілердің еңбектері арқылы әлем тілдерінде насихатталуға тиісті. Ұлы Даламызда осы орасан оқиғаға арналған еңселі монумент тұрғызылса да ешқандай артығы жоқ.

Сонда ол шайқас қай жерде болған деп шамалай аламыз?

Белді тарихшылардың көбі шайқасты Сырдария бойында өткен дегенге бейім. Өзіміздің қолымыз жеткен, орыс тіліндегі зерттеулерден дәлелдер келтірейік. В.В.Струве былай дейді: «Событие произошло в середине Амударьи и Сырдарьи, в районе Аральского моря»; А.Ш.Шишов былай дейді: «Персидская армия дошла до реки Яксарт»; Б.В.Соколов былай дейді: «...в Средней Азии продвинулись до реки Яксарт (Сырдарья). Там в 529 году Кир был убит в стычке со скифским племенем массагетов»; К.Рыжов былай дейді: «во время битвы на восточном берегу Аму-Дарьи Куруш потерпел полное поражение и погиб сам»... Көрнекті жазушы Әнес Сарай шайқас Амударияның Үзбой жақ бетінде болған деген пікірде. Үзбой Түркменстан жеріндегі кеуіп қалған өзеннің арнасы, ол Сарықамыс ойпатынан Каспий теңізіне дейін созылып жатқан. Академик Б.Ғ.Ғафуров «Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история» атты кітабында: «Наконец, есть сообщение, что Кир воевал в «равнинах даев» деп жазады. Страбон: «көптеген скифтер, Каспий теңізінен бастап, дайлар деп аталады» деп көрсеткен.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Академик Б.Ғ.Ғафуровтың: «Разгром Кира массагетами в конце июля – начале августа 530 года до нашей эры – первая точно установленная дата в

истории народов Средней Азии» деп жазуында үлкен мағына бар. 2020 жылы біздің дәуірімізге дейінгі 530 жылы өткен ол шайқасқа 2550 жыл толғалы тұр.

Ұлы қолбасшы Кирді жер қаптырған шайқастың өткен орнын шамамен болса да анықтау жөнінде тиісті ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жөнінде нақты тапсырма беруіңізді сұраймыз. Маман тарихшыларымыз бір тоқтамға келген жағдайда ол маңайдағы магистралдық жолдың бойында осы жерді мекендеген батыр бабалардың ғажайып ерлігіне арналған еңселі монумент қою мәселесін бюджет қаражатының араласуынсыз-ақ шешуге болады деп ойлаймыз.

Мәселені ғылыми тұрғыдан егжей-тегжейлі зерттеудің өзіндік қиындығына байланысты депутаттық сауалға жауапты таяудағы үш ай ішінде қайтаруды сұраймыз.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісіне
Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған депутаттар**

**С. Абдрахманов
В. Божко
Н. Жұмаділдаева
Р. Ким
Н. Микаелян
А. Мурадов
Ш. Нурумов
Ю. Тимощенко
Ш. Хахазов**

**Мәжіліс депутаттары
«Нұр Отан» партиясы
фракциясының мүшелері**

**Н. Дулатбеков
Б. Жылқышиев
Б. Смағұл**

А.Әбенова 74-63-7

Оглашен 25 декабря 2019 года

**Премьер-Министру
Республики Казахстан
Мамину А.У.**

Депутатский запрос

Уважаемый Аскар Узакпаевич!

В отечественной истории немало ярких примеров самоотверженной защиты народом своей родной земли, в их числе – значимые события всемирного масштаба. В этой связи в первую очередь можно привести сражение между великим правителем Киром и массагетами. Это событие вошло во всемирную историю, нашло отражение во многих художественных произведениях, сценических постановках. Широко известна повесть Болат Жандарбекова «Томирис». Недавно вышел в свет фильм «Томирис», снятый киностудией «Казахфильм». Мы хотим сказать о значимости этого сражения в истории страны, его роли в формировании национального самосознания, воспитании патриотизма.

Отец истории Геродот, оставивший подробное описание этой битвы, произошедшей в 530 году до нашей эры, пишет: «Наконец массагеты одолели. Почти все персидское войско пало на поле битвы, погиб и сам Кир. Царствовал же он полных 29 лет. А Томирис наполнила винный мех человеческой кровью и затем велела отыскать среди павших тело Кира. Когда труп Кира нашли, царица велела всунуть его голову в мех. Затем, издеваясь над покойником, она стала приговаривать так: «Ты все же погубил меня, хотя я осталась в живых и одолела тебя в битве, так как хитростью захватил моего сына. Поэтому-то вот теперь я, как и грозила тебе, напою тебя кровью» (Геродот. История. Книга первая. Часть 214). Данная сцена запечатлена кистью великого Рубенса в его картине «Царица Томирис перед головой Кира».

Полагаем, что эту битву можно отнести в разряд событий, изменивших историю мира. Почему? Потому что Кир (правильней будет – Куруш), до этого покоривший всю Переднюю Азию, Малую Азию, Мидию, царство Лидия, Вавилонию, Месопотамию, Сирию, Палестину и Финикию, после вышеупомянутого похода намеревался начать захватническую войну с Египтом и позже завладеть одна за другой страны Европы. Кир ставил своей целью прибрать к рукам все богатство и золото, о которых слыли легенды в бескрайней степи саков. Известно, что древнегреческий историк Страбон о саках писал: «У них серебра нет, железа мало, но меди и золота много». Если бы в той битве с массагетами Кир не потерпел поражение, политическая карта мира того времени сложилась бы по-другому и многие народы были

порабощены жестоким правителем. Полагаем, что этот великий подвиг наших предков на пути к свободе и независимости должен занять свое достойное место в нашей истории, повествоваться в школьных учебниках и через труды специалистов-исследователей широко распространяться на разных языках мира. Не будет излишним увековечение памяти – установление монумента, посвященного этому выдающемуся событию в истории Великой степи.

Как мы можем предположить, где проходила эта битва?

Многие авторитетные ученые склоняются к версии, что сражение состоялось в прибрежье Сырдарьи. Приведем примеры из доступных нам исследований на русском языке. Так, В.В.Струве пишет: «Событие произошло в середине Амударьи и Сырдарьи, в районе Аральского моря»; А.Ш.Шишов отмечает: «Персидская армия дошла до реки Яксарт»; Б.В.Соколов подчеркивает: «...в Средней Азии продвинулись до реки Яксарт (Сырдарья). Там в 529 году Кир был убит в стычке со скифским племенем массагетов»; К.Рыжов пишет: «во время битвы на восточном берегу Аму-Дарьи Куруш потерпел полное поражение и погиб сам»... Видный писатель Анес Сарай считает, что битва проходила на прибрежье Амударьи, в местечке Узбой, расположенном в русле высохшей реки на территории Туркменистана, которая простиралась от низменности Сарыкамыс до Каспийского моря. Академик Б.Г.Гафуров в книге «Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история» отмечает: «Наконец, есть сообщение, что Кир воевал в «равнинах даев». Между тем Страбон писал, что скифы, обитавшие от Каспийского моря и далее называются дайцами.

Уважаемый Аскар Узакпаевич!

В словах академика Б.Г.Гафурова «Разгром Кира массагетами в конце июля – начале августа 530 года до нашей эры – первая точно установленная дата в истории народов Средней Азии» есть большой и глубокий смысл. В 2020 году этой битве, которая состоялась в 530 году до нашей эры, исполняется 2550 лет.

На основании вышеизложенного, просим Вас поручить проведение научно-исследовательских работ по определению приблизительного региона сражения, где был разбит и уничтожен великий правитель Кир. В случае принятия специалистами историками единого решения, полагаем необходимым решить вопрос установления в районе магистральной дороги памятника, посвященного подвигу и мужеству наших отважных предков, без выделения средств из государственного бюджета.

Просим рассмотреть данный вопрос и, в связи с необходимостью его детального изучения с научной точки зрения, просим дать ответ в течение 3-х месяцев.

**С уважением,
депутаты, избранные
от Ассамблеи народа Казахстана
в Мажилис Парламента
Республики Казахстан**

**С. Абдрахманов
В. Божко
Н. Жумадилаева
Р. Ким
Н. Микаелян
А. Мурадов
Ш. Нурумов
Ю. Тимощенко
Ш. Хахазов**

**Депутаты Мажилиса,
члены фракции
партии «Нұр Отан»**

**Н. Дулатбеков
Б. Жилкишиев
Б. Смагул**

А. Абенова 74-63-78